

КӘСІПОДАҚ БЕЛСЕНДІЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ



2

«ATYRAU OIL&GAS»



3

ГЕОЛОГИЯ – ЕРЕКШЕ МАҚСАТ ҚОЙЫП ТАҢДАҒАН МАМАНДЫҒЫМ



4



Embi ТЫНЫСЫ

№4 (88)
СӘУІР
2022 жыл

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

Геолог

Құрметті геологтар!

Сіздерді өз өмірін табиғи ресурстарды іздеу және игеру ісіне арнаған мамандық иелерінің кәсіби мерекесі – Геолог күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Жер қойнауындағы қазынаны ел игілігіне жарату – экономиканың негізгі тетігі. Еліміздің геология саласындағы ауқымды жұмыстардың нәтижесінде көптеген кеніштер ашылды. Соның жемісі - мұнай-газ саласы қарыштап дамып, қазақстандықтардың әл-ауқаты жақсарды, өңірлерде көптеген әлеуметтік нысандар бой көтерді. Бұл табыста жер қыртысын жан-жақты зерттеп, қыр-сырына терең үңілген геологтардың үлесі мол.

Еліміздегі геологиялық-барлау жұмыстары туралы айтқанда, ембілік геологтардың Өзен, Теңіз сынды болашағынан үлкен үміт күттіретін алып көмірсутегі шикізаты кен орындарын ашу ісінің қайнар бастауында қолтаңбасы қалғанын әркез мақтанышпен айтып келеміз. Біздің ардагер-геологтарымыз Ботахан, Шығыс Мақат, Оңтүстік-Шығыс Қамысты, Досмұхамбетов, Ақінген, Аққұдық, Ақтөбе, Оңтүстік-Шығыс Новобогат, Уаз, т.б. басқа көптеген кен орындарын ашқанын білеміз. Бұл жаңа ашылулардың артында көптеген жоғары білікті мамандардың еңбегі тұр. Сол ардақты геологтардың бүгінгі ұрпағы геология саласының әлеуетін арттыру жұмысын жалғастырып келеді.

Компания мамандары болашағы бар телімдерге геологиялық барлау жұмыстарын жоспарлау үшін мәліметтерді талдау жасаумен айналысуда.

Заман талабы еліміздің геология саласының алдында үлкен міндеттер қойып отыр. Жер қойнауын жете зерттеу, оған жаңа технологияларды тарту – өзекті мәселе. Алдағы міндеттерді нәтижелі ету арқылы ел экономикасының тұрақтануына қол жеткіземіз. Бұл жауапкершілігі мол жұмыста ел геологтарының ортадан табылары даусыз.

Мереке құтты болсын, құрметті жер қойнауын барлаушылар! Өмір өз жоспарларыңызды жүзеге асыруға және жаңа биіктерге жетуге үлкен мүмкіндіктер берсін.

Сіздерге зор денсаулық, отбасы амандығын, үлкен жетістіктер мен жаңа ашылулар тілейміз!

Құрметпен,
«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

Құрметпен!



Тағайындау

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқармасының шешімімен Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі және төрағасы болып сайланды.

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ-ДА ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ ӨЗГЕРДІ



Қ. Есқазиев В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының мұнай факультетін геолог-тау-кен инженері мамандығы бойынша бітірді. 2006 жылы Томск политехникалық университетінде диссертация қорғап, «геология-минералогия ғылымдарының кандидаты» біліктілік дәрежесіне ие болды. 2021 жылы И.М.Губкин атындағы мұнай және газ Ресей мемлекеттік университетінде диссертация қорғап, «геология-минералогия ғылымдарының докторы» ғылыми дәрежесіне иемденді. Әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (2015 ж.), И.М.Губкин атындағы Ресей мұнай және газ мемлекеттік университетінің «Мұнай мен газды іздеу-барлау» кафедрасының профессоры.

Еңбек жолын 1985 жылы «Эмбанефть» өндірістік бірлестігінде оператор-коллектор болып бастады. Онда операторлықтан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ бас директорына дейінгі өндірістік қызметтің барлық сатысынан өтті.

2006 - 2008 жылдар аралығында «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ геология және игеру департаменті директорының орынбасары, директоры болды.

2008 жылдан бастап 2015 жылға дейін ҚМГ-да мұнай және газ өндіру жөніндегі атқарушы директор, геология, геофизика және резервуарлар жөніндегі басқарушы директор, бас геолог, Басқарма төрағасының геология және келешек жобалар жөніндегі орынбасары, операциялық емес активтер (Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ) жөніндегі басқарушы директор, геология жөніндегі басқарушы директор қызметтерін атқарды.

2015 жылдың қыркүйегінен 2018 жылға дейін – «Ембімұнайгаз» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы), «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы).

2018-2020 жылдар аралығында ҚМГ Басқарма төрағасының барлау, өндіру және мұнайсервис жөніндегі орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының геология және барлау жөніндегі орынбасары болып қызмет етті.

2020 жылдан бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы).

2022 жылдың ақпан айынан бастап - ҚМГ Басқарма төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары.

Табысты еңбек

КӘСІПОДАҚ БЕЛСЕНДІЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ



Ұлыстың Ұлы күні - өз Наурыз мейрамына орай «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік-құрылымдық бөлімшелерінде өткен салтанатты шараларда еңбек адамының мүддесін қорғау мен кәсіподақ жұмысын дамытудағы жемісті еңбектері үшін әріптестеріміз үлкен марапаттарға ие болды.

«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында өткен мерекелік шарада «Ембімұнайгаз» АҚ кәсіподақ ұйымының төрағасы Болат НСАНБАЕВ басқарманың кәсіподақ ұйымына 2019-2022 жылдар аралығында төрағалық еткен Сырымбек САРСЕМБАЕВҚА республикалық кәсіподақтар ұйымы конфедерациясының «Еңбек озаты» медалін тағып, «Ембімұнайгаз» АҚ кәсіподақ ұйымының Құрмет грамотасын табыстады.

Сонымен қатар, осы медальмен «Ембімұнайэнерго» басқармасының өндіріске қызмет көрсету бөлімінің басшысы Бауыржан ДЖАЛГАСПАЕВ, релелік қорғау автоматика және метрология бөлімшесінің бастығы Олег ДЫГИН, «Жайық» аудандық электр торабының электр монтері Айғожа ШИНДАУЛОВ та марапатталды. Ал, «Ембімұнайэнерго» басқармасының әлеуметтік және құжаттамалық қамсыздандыру тобының жетекшісі Данияр АТАШЕВ «Кәсіподақтағы белсенді жұмысы үшін» медалін тақты. Әз-Наурыз мерекесіне орай өткен басқарманың думанды шарасында марапат иелеріне медальдарды «Ембімұнайэнерго» басқармасының Кәсіподақ комитетінің төрағасы Сүндет ШЕРУЕНОВ табыстады.

Аймақтың мұнай-газ саласы кәсіподағының дамуына қомақты үлесін қосып, жұмысшылардың көптеген өзекті мәселелерін көтеріп, оң шешілуіне атсалысып, ашық жұмыс жасау үлгісін көрсете білген әріптестеріміз – кәсіподақ белсенділерін «Қазақстандық мұнай-газ салалық кәсіптік одағы» бірлестігінің атынан алған марапаттарымен құттықтаймыз!

**Ремонт**

ВОССТАНОВЛЕНИЕ ПОСЛЕ СТИХИИ



В результате штормового ветра с порывами до 23-28 метров в секунду, случившегося 5-6 марта текущего года, были сорваны кровли производственных зданий на месторождениях Прорва, Терен-Узек и Кисымбай НГДУ «Жылыоймұнайгаз».

Сразу же, по получению информации о случившемся была сформирована бригада из числа работников участка производственного обслуживания УПТОиКО. Для устранения последствий природного катаклизма были откомандированы специалисты и строительная бригада в количестве 12 человек во главе с мастером по строительству участка А.Сарбасовым.

В период с 9 по 16 марта силами строителей были проведены работы по восстановлению кровли производственных зданий. В частности, на месторождении Прорва были отремонтированы крыши общежития ЦППН, складских помещений, гаража-бокса, зданий РММ БПО, УТРО (БПО) и насосных. На Терен-Узеке восстановлена кровля здания насосной, а на Кисымбае – крыша здания механического цеха.

От имени всего коллектива выражаем благодарность нашим строителям за проделанную работу.



Ағымдағы жылдың 6-8 сәуірінде Атырауда өңіріміздегі дәстүрлі шараның бірі – халықаралық «Atyrau Oil&Gas» Солтүстік Каспий аймақтық көрмесі өтті. Көрме Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің, Атырау облысы әкімдігінің, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Kazenergy» қауымдастығының, «KazService» Одағының, PetroCouncil және Қазақстан мұнай-геологтар қоғамының қолдауымен ұйымдастырылды.

Халықаралық аренада мұнай-газ секторының көшбасында тұрған, іргелі компаниялардың басын қосатын аталмыш шараға биыл Беларусь, Қазақстан, Нидерланды, АҚШ, Ресей және Түркия елдерінен келген 60-тан астам компания қатысты.

«Atyrau Oil&Gas» көрмесінің ашылу салтанатында сөз алған Атырау облысының әкімі Махамбет Досмұхамбетов, Қазақстан Республикасы Энергетика бірінші вице-министрі Мұрат Жүребеков, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму комитетінің төрағасы Ілияс Оспанов жұртшылықты пандемияға байланысты соңғы екі жылда уақытша тоқтаған аталмыш шараның қайта жандануымен құттықтап өтті.

Солтүстік Каспий аймақтық «Atyrau Oil&Gas» көрмесі мұнай-газ секторындағы компаниялардың өзара әріптестік байланыстарын жүзеге асыратын диалог алаңы болуымен маңызды. Аталмыш шараға биыл қазақстандық 45 компания, соның ішінде, Атырау облысынан жалпы саны 14 кәсіпорын қатысты. Солардың бірі – «Ембімұнайгаз» АҚ.

«Ембімұнайгаз» компаниясы «Atyrau Oil&Gas» көрмесінің тұрақты қатысушысы болып табылады. Биыл «Ембімұнайгаз» АҚ-ның құрылғанына 100 жыл толады. Соған сәйкес, компанияның көрмеге дайындаған стенді «Ембі - 100 жыл» бағдарламасының аясында тақырыптық бағытта жасақталды. Онда Компанияның құрылу тарихынан басталып, бүгінге дейін қол жеткізген жетістіктері баяндалды.

Отандық мұнай өндіруші компанияның басты миссиясы мен құндылықтары, ғасырдан астам кезеңде өнім өндіру көрсеткішін тұрақтандыруға қол жеткізу, республикалық, облыстық бюджетке қомақты қаражат аударына байланысты өңірлердегі қайырымдылық шараларды ұдайы ұйымдастыру жәйлары стендте толық көрініс тапты. Арнайы дайындалған ролик те көпшілікке таныстырылды.

Сонымен қатар көрме алаңында мұнай-газ саласындағы жетекші компаниялардың семинарлары өтті. Үш күнге созылған дәстүрлі шара - «Atyrau Oil&Gas» көрмесі алыс-жақыннан келген 60-қа тарта компанияның өзара өнімдерімен, қызметтерімен танысуға, бірлескен жұмысты қалыптастыруға мүмкіндік берді.

«ЕМБІ – 100 ЖЫЛ»

компанияның халықаралық көрмедегі стенді осы тақырыпқа арналды



«Атырау.Мұнай.Газ» көрмесінің тұрақты қатысушысы - «Ембімұнайгаз» АҚ 100 жылдық мерейтойына орай, аталмыш шараның жоғары деңгейінде өтуіне қосқан үлесі үшін Алғыс хатпен марапатталды.

«Atyrau Oil&Gas» көрмесінің қатысушылары біздер туралы

Сергей РУСАНОВ,
ведущий специалист сервисного центра «АО Северсталь Менеджмент»:

- В целях налаживания новых деловых связей и сотрудничества мы приехали в Атырау для участия в выставке «Нефть и газ». И одним из предприятий, к которому мы проявляем большой интерес является АО «Эмбаунайгаз». Поэтом павильон компании мы посетили одними из первых, узнали об истории и современных достижениях Эмбаунайгаза, познакомились с работниками компании, а также презентовали свою продукцию. Наши изделия предназначены для больших производств, надеемся, что они заинтересуют эмбакинских нефтяников.

Михаил ЧЕРНОВ,
генеральный директор ООО «Сансорс минералс» (Республика Башкортостан):

- Мы впервые участвуем в выставке «Атырау. Нефть и газ». Деятельность нашей компании связана с нефтедобычей, мы предлагаем инновационные методы в этом направлении. Выставку мы рассматриваем как диалоговую площадку для поиска новых партнеров, бизнес-сообществ, изучения рынка Казахстана. Очень приятно, что здесь, на выставке мы расположились рядом с одной из крупнейших нефтегазодобывающих компаний Казахстана – АО «Эмбаунайгаз», имеющей вековую историю. На протяжении ста лет суметь сохранить преемственность традиций и при этом, приумножить и

улучшить свой потенциал –это заслуживает глубокого уважения. Нас впечатлили успехи Эмбаунайгаза. Желаем вашей компании новых достижений.

Somerset City Center Atyrau – жұртшылыққа шағын қонақ үй, шағын мейманхана бойынша өз қызметін ұсынып отырған жергілікті мекеме. Осы мекеменің сату жөніндегі директоры Гүлназ Омарова Атырау облысындағы іргелі ұжымның бірі - «Ембімұнайгаз» АҚ-мен өзара тығыз байланыс орнатуға құлшыныс білдіретіндіктерін айтты.

Ал, Нұр-Сұлтан қаласынан арнайы осы көрмеге келген **5 жұлдызды RIXOS** қонақ үйінің сату жөніндегі менеджері Әйгерім Төреханова «Ембімұнайгаз» АҚ-мен бірнеше жыл қатарынан әріптестік байланыста қызмет етіп келе жатқандарын ризашылық сезіммен айтып, алдағы уақытта да байланыс жалғаса берсе, нұр үстіне нұр болар еді деген ойын ортаға салды.

KPI жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің баспасөз хатшысы Нұргүл Хайруллина «Ембімұнайгаз» АҚ-мен жұртшылықпен байланыс орнату бағытында тығыз байланыс орнатылғанын ерекше атап өтті. Еліміздің мұнай-газ секторында өзіндік орындары бар екі мекеменің де мұнайлы өңірдің инфрақұрылымын дамытуға қосқан үлестері орасан зор. **KPI** ЖШС-нің баспасөз хатшысы Н.Хайруллина «ғасырдан астам жер қойнауын игеріп келе жатқан «Ембімұнайгаз» АҚ-ның салмағы бар іргелі ұжым, бұл орайда біздің әріптестерімізден үйренеріміз көп» дегенді баса айтты.

Кәсіби мереке

Бағдат НИЯЗГАЛИЕВ,
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ
бастығының геология және
мұнай-газ кен орындарын игеру
жөніндегі орынбасары:

«ГЕОЛОГИЯ - ЕРЕКШЕ МАҚСАТ ҚОЙЫП ТАҢДАҒАН МАМАНДЫҒЫМ»

Бала кезімде есімде, тау мен тасты аралап, жеті қат жердің қойнына бойлап қазына іздеп жүрген геологтар туралы шым-шытырық оқиғалар желісі мені қатты қызықтыратын. Бала қиялмен нағыз романтика осы шығар дейтінмін.

Бала болсам да қара майдың қандай қиындықпен өндірілетінін түсіндім. Себебі, мұнайлы өңірде, мұнайшылардың ортасында балалық шағым өтті. Мектепті бітіре сала, мұнайшылық мамандықты таңдауыма жастайымнан көріп өскен осы мұнайшылардың еңбегі, олардың өмірі әсер етті деп ойлаймын. Жалпы, менің түсінгенім адам өзінің өмір сүру ортасынан алшақтап ешқайда кете алмайды екен. Мұнайлы өңірде туып-өстім, туғандарым да осы кәсіпті меңгерді. Бірге ойнап өскен балалардың да әке-шешелері, аға-апалары мұнайшы болды. Сол себеп болса керек, мен үшін ең таңдаулы да мәртебелі мамандық - мұнайшылық болды. Мектепті бітіргенде менің алдымда бір-ақ таңдау тұрды. Ол - мұнай-газ саласының маманы болу. Үлкендермен ақылдаса келе, бала кезден оқыған кітаптарымның да әсері болса керек, геолог болуды қаладым.

Атырау политехникалық университетін бітірген соң алғашқы еңбек жолымды туып - өскен жерім Жылыой ауданынан бастадым. Алғашында Теңіз кен алаңында еңбек етсем, кейіннен Прорва кенішіне жұмысымды жалғастырдым.

Қай мамандықты болмасын терең меңгеру үшін үнемі іздену керек қой. Нағыз кәсіби геолог атану үшін алдында тұрған әрбір ұңғының жұмысын бес саусақтай білуің қажет. Әр кез біз күткендей мол өнім үнемі бола бермейді. Өнім беріп тұрған ұңғының аяқ астынан тоқтап қалуы не болмаса көрсеткіші төмендеп кетуі сирек болса да кездесіп қалады. Сондай сәттерде аяқ астынан дұрыс шешім қабылдау, ұңғы жұмысын реттеу - кез-келген геологқа артылар үлкен жауапкершілік. Мұнай кен алаңдарында қанша ұңғы болса, әрқайсысы жеке күтімді, бақылауды қажет етеді.

Ембі өндірісі - ғасырдан астам жер қойнауын игеріп келеді деп жиі айтамыз. Бұл не деген сөз, бұл кен алаңдарындағы ұңғылардың дені өнім берудің соңғы сатысында тұр дегенді ұқтырады, яғни, көпшілігі байырғы ұңғылар. Демек, оларда сулану деңгейі жоғары. Өзім еңбек ететін «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты Гран кен орнында осы сулану деңгейі жоғары ұңғылармен жұмысты жолға қоятын жаңа әдіс - горизонталды бұрғылау жұмыстары қолға алынды.

2019 жылы Ембі өндірісіндегі тың әдіс «Жайықмұнайгаз» басқармасынан басталғанын, ол үлкен жұмыста менің де геолог ретінде үлесім барын зор мақтанышпен айта аламын. Басқарманың Гран кен орнында 1 ұңғыға горизонталды қазу әдісін қолданып, үлкен жетістікке қол жеткіздік. Мұндай әдіспен қазылған ұңғылар басқаларға қарағанда 4-5 есеге артық өнім беретініне көзіміз жетті. Өзіміз күткен нәтижеге қол жеткізген соң, бұл әдісті бүгінде батыл жалғастырып отырмыз. Гран кен орны бойынша 2020-2021 жылдары 4 горизонталды ұңғыма қазылды. 2022 жылы тағы бір ұңғымаға горизонталды қазу әдісі қолданылып, тың әдіспен қазылған ұңғымалардың жалпы саны - 12-ні құрап отыр. Бүгінде бұл әдіс одан әрі жалғасып, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның өзге мұнай-газ өндіру басқармаларында да қолға алынып отыр.

Пікірімді бастапқы ойыммен қорытсам деймін. Мұнайшылар, соның ішінде геологтар - нағыз дала ерлері ғой. Оның жұмысының қиындығын көзбен көргендер, қолмен ұстағандар ғана түсінер. Мен өзімнің тағдырымның дәл осы саладан басталып, жеті қат жер астынан мол байлықты өндірген геологтік кәсіппен байланысқанына қуанамын. Өйткені әкелеріміз бен аналарымыздың бізге қалдырған аманаты ғой бұл. Оны біз жалғастырып, мұнайлы өңірдің ертеңгі болашағын бүгінгі жас мамандарға тапсыру бізге үлкен міндет жүктейді.

Қайырымдылық

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ - АЗАМАТТЫҚ МІНДЕТ

Өткен аптада Құлсары қаласындағы «Кең Жылыой» мәдениет үйінде «Атырау облыстық мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі Жылыой аудандық филиалының құрылғанына 25 жыл толуына орай жасөспірімдер арасында «Арманы биік жас талант» байқауы өтті.



Ерекше балалардың қоғамда өздерін еркін сезінулеріне ықпал ету, өнерге қызығушылығын арттыру, олардың белсенділігін ынталандыру мақсатында ұйымдастырылған кешке «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы демеушілік қолдау көрсетті.

Байқауға аудан бойынша жалпы білім беретін мектептер мен колледждерден 7 жасөспірім қатысты. Сайысқа қатысқан 10 мен 20 жас аралығындағы ерекше жандардың өнері көрермендерді де шабыттандырды. «Мүгедектер қоғамы» ҚБ Жылыой аудандық филиалы 1997 жылы 17-наурызда құрылды. Бүгінде Жылыой ауданы бойынша 2278-ден астам мүмкіндігі шектеулі жан бар. Шараға қатысқан аудан әкімінің орынбасары Әнуар Шәкіров ауданда мүгедектер жандардың мүддесін қорғап, олардың күнделікті қоғам өміріне шектеліп қалмауы үшін атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Сондай-ақ, бірлестіктің ардагерлеріне, спортшыларына, қолөнер шеберлеріне аудан әкімі Х.Жамаловтың атынан Алғыс хат табыстады.

Байқау 3 турдан өтті. Атап айтсақ: таныстыру, өнерін көрсету және жергілікті ақын Қ.Оразбаевтың бір өлеңінен үзінді оқып беру. Қатысушылар барлық турдан сүрінбей өтіп, көрермен қошеметіне ие болды.

- Бүгінгі байқау өте жоғары деңгейде өтіп, жасөспірімдерді ынталандыруға септігін тигізді деп ойлаймын. Кеште олардың өнерлерімен қоса өмірге деген сүйіспеншіліктеріне, құштарлықтарына, елге деген ықылас сезімдеріне тәнті болдық. Тағдырдың қатал сынына ұшырап, өмірдің қиын жауапкершілігін арқалап келе жатқан мүмкіндігі шектеулі жандарға қамқорлық көрсету ең басты міндетіміз деп санаймын.

«Жылыоймұнайгаз» мекемесі ұжымы атынан ерекше жандармен жұмыс жасап жүрген сала мамандарына алғыс айтып, ризашылығымды білдіремін. Балалардың өмір, өнер жолында қанаттары талмасын, - деп атап өтті «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бастығы Ғибатолла Шанаев. Бұған қоса, байқауға қатысқан барлық өнерпазды Алғыс хатпен марапаттады.

Қазылар шешімімен Ермұхан Елеусінов, Жұмахан Мұратұлы және Інжу Мүслім ынталандыру сыйлығына ие болды. Е.Елеусіновке аудандық мәслихат депутаты Мұхтар Айтқұлов, Ж.Мұратұлы мен І.Мүслімге «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ бастығының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары, қазылар алқасының мүшесі Сырымбек Сәрсембаев «Көрермен көзайымы» деген номинациясын ұсынып, өз тараптарынан қаржылай сыйақы табыс етті.

Жүлделі III орынды жеңіп алған Бақдәулет Алпысұлы 50 мың теңге ақшалай сыйақы мен дипломмен марапатталды. Жүлделі II орын Рысгүл Орысбаеваға бұйырды: 75 мың теңге сыйақы мен диплом табысталды. I орынды 10 жастағы Милат Ыбырай жеңіп алып, 100 мың теңге сыйақы мен дипломмен марапатталды. Бас жүлдені ұтып алған Нұржан Махамбетке Ғибатолла Шанаев 150 мың теңге қаржылай сыйақы мен диплом табыстады. Бұған қоса, аталған мұнай-газ өндіру басқармасының Ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұстахима Исаинова жылыойлық ардагер мұнайшылар атынан да сый тарту етті.

Кеш барысында қоғамдық бірлестік филиалының төрағасы Амангелді Мыңжасаров игі істерге қолдау

білдіріп, көмек қолын созып жүрген адамгершілігі мол жомарт жандарға, демеушілерге шексіз алғысын білдірді.

- Бірлестік филиалының мерейтойын жоғары деңгейде атап өту, жас дарындарымызды ынталандыру, болашақтарына жол ашу мақсатындағы шарамызға демеушілік жасауға бірқатар мекемелерге өтінішпен хабарластық. Осы орайда, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ ұжымы бірден ұсынысымызды қабылдап, тамаша кеш ұйымдастырды. Ғибатолла Толағайұлы бастаған жылыойлық мұнайшыларға қайырымды істері үшін алғысымды айтамын, - деді «Мүгедектер қоғамы» бірлестігінің Жылыой аудандық филиалының төрағасы Амангелді Мыңжасаров.


Сонымен қатар, шара аясында Н.Бабалыкова, Н.Әбдіғалиева, И.Өмірзақова, Б.Ақжігітов, А.Қожасейілов сынды жергілікті қолөнершілердің, суретшілердің қолдарынан шыққан бұйымдары мен суреттерінің көрме-жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Және жылыойлық мұнайшылар мен бірлестік өнерпаздарының орындауындағы концерттік бағдарлама көрерменге ұсынылды. Шара соңында «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ ұжымы қатысушы өнерпаздарға арнап мерекелік дастархан жайды.

Түйін. Жастайынан науқасқа шалдыққан жасөспірімдер арасынан да нағыз дарын иелерін кездестіруге болады. Бұл орайда, ата-анадарға да үлкен жауапкершілік жүктеледі. Балаларға үй ішінде отырып қалмай, мүмкіндіктерін, ерекше қырларын дамытуға қолдау білдіріп, ықпал ету өте маңызды. Өйткені, олардың қолынан бәрі де келеді!

ЭНЕРГОСНАБЖЕНИЕ ПРОМЫСЛОВ

Доссор д'уи

А вы знали, что история энергетики Атырауской области берет начало с создания мелких дизельных электростанций (ДЭС), первая из которых появилась на нефтепромысле Доссор в 1911 году.



(Фото из открытых источников)

Это были двигатели «Горнеби» и «Проктор» мощностью 200 лошадиных сил (л.с.). Они были установлены на Доссорской дизельной станции и стали так называемой энергетической базой области в первые годы советской власти. В 1920 году на Доссорской ДЭС были установлены еще два двигателя общей мощностью 700 лошадиных сил. В 1926 году в Макате ввели в эксплуатацию электростанцию мощностью 220 л.с., а на следующий год – новую ДЭС, состоящую из четырех генераторов английской фирмы «Рустон Горнсби» мощностью 1050 л.с. – самую мощную электростанцию на тот период. Эти объекты позволили электрифицировать нефтедобычу на основных нефтепромыслах – Доссоре и Макате и обеспечить светом дома нефтяников. С открытием месторождений нефти стали строиться небольшие дизельные электростанции для обслуживания новых нефтепромыслов. В 1935 году в строй вступает ДЭС в Искене, в 1937 году – Косчагыле, в 1939 году – Кошкаре, в 1940 году – Сагизе, Кульсары и Комсомольске. Общая мощность этих электростанций составила 15 тысяч киловатт. Все они работали раздельно, обслуживая лишь тот промысел, на котором находились. По тем временам это было сложное и большое энергетическое хозяйство.

«В это время энергетика базировалась на дизельных электростанциях, расположенных на нефтепромыслах и подчинялась директорам промыслов. Для поддержания этих электростанций в надежном состоянии необходимо было организовать изготовление запасных частей к деталям. В этом повышении надежности работы электростанций я видел основную свою задачу. Как главному механику объединения, мне оперативно подчинялся механический завод нефтяной промышленности. Я ему устанавливал номенклатурный план с учетом потребностей бурения и электростанций», - вспоминал ветеран

энергетики Николай Неверов, прошедший путь от механика объединения «Союзнефть» до управляющего районным энергетическим управлением «Гурьевэнерго».

В 40-ые годы электрические нагрузки на нефтепромыслах возросли настолько, что дизельные электростанции уже не могли их покрывать, и было принято решение о централизации выработки электроэнергии на тепловых электростанциях (ТЭС) и строительство линий электропередач от них. В 1940 году была построена первая линия электропередачи (ЛЭП) 35 кВ ДЭС в Искене до Байчунаса. Ввод линии дал возможность параллельной работы двух дизельных станций, что повысило надежность электроснабжения нефтедобывающих участков Байчунаса и Искене.

В годы Великой Отечественной войны на промыслах создалось исключительно тяжелое положение с электроснабжением. Вновь заглянем в воспоминания Н. Неверова: «Значение эмбинской нефти с каждым днем войны возрастало, особенно в тот период, когда доставка кавказской нефти была затруднена из-за оккупации немцами путей доставки ее к фронту. В связи с нехваткой квалифицированных кадров на нефтепромыслах, их руководители отвлекали ремонтный персонал электростанции на общепромысловые нужды, чем усложняли и без того тяжелое положение с энергоснабжением...». И тогда был поднят вопрос о создании отдельной энергетической организации. Но это будет потом, а пока, в те же военные годы по ленд-лизу из США поступят три передвижные электростанции «Интерпрайз», каждая мощностью по 800 лошадиных сил, дизель-агрегаты «Купербесмер», которые были смонтированы на Сагизской ДЭС, дизель-агрегаты «Кларк» - на ДЭС в Комсомоле, а паротурбинная установка мощностью 1200 кВт - на ЦЭС в Кульсары. Для обслуживания всех

этих новых агрегатов нужны были специалисты, которых в условиях военного времени почти не осталось. И важную роль в обеспечении кадрами сыграл Гурьевский нефтяной техникум.

В июне 1944 года действовавшая в Гурьеве контора «Электроток» была преобразована в трест «Казэнергонефть» объединения «Эмбанефть». В то время были созданы два кустовых энергоуправления. В состав Доссорского управления вошли электростанции Доссора, Маката, Сагиза, Кошкара, Комсомольска, Байчунаса. Кульсаринскому управлению подчинили ЦЭС Кульсары, ДЭС Косчагыла и Каратона.

Электрики, монтеры, механики того периода вынесли на своих плечах всю тяжесть эксплуатации электростанций в условиях военного времени – без резерва, работали днем и ночью, без выходных. «Я не бывал дома месяцами. Главным тогда было – не допустить простоя нефтяного оборудования, а это во многом зависело от ДЭС, от наличия электроэнергии. А обеспечить бесперебойную работу станций было непросто», - напишет в своих воспоминаниях Н. Неверов.

После окончания войны, в 1946 году был введен в эксплуатацию турбоагрегат первой очереди на Кульсаринской ЦЭС мощностью 12 МВт. В Доссоре возник избыток электроэнергии, но его не хватало в Макате и Сагизе, и тогда началось строительство линии электропередач. Возводили их хозспособом, и все работу вели сами электромонтеры. Первую линию провели до Косчагыла, вторую - до Каратона, потом Кульсары-Комсомольск. Как говорят энергетики, узел получился, и появилась возможность перебрасывать электроэнергию по промыслам.

*Использованы данные из книги
«55 лет Атыраускому
энергетическому комплексу»*



Орталық басқару аппараты:

Ләңгі тебу:
Жеңімпаз - Марат ОРАЗАЛИЕВ, «Ембімұнайэнерго» басқармасының электр монтері;

Асық ату:
I орын - Азамат КУЛЬЧИЕВ, қаржы есебін дайындау бөлімінің бастығы;
II орын - Қуандық МЕРГЕНОВ, еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік жөніндегі инженер;
III орын - Аманжол САДУ, «ҚМГ-Құмкөл» ЖШС-нің қызметкері;

Кір тасын көтеру:
Жеңімпаз - Асқар НҰРЛАНОВ, Шығыс Мақат кен орны мұнай және газ өндіру операторы;

Бұқа тартыс:
I орын - Жанарбек СИСЕНҒАЛИЕВ, «Техноком» ЖШС-нің қызметкері;
II орын - Баязит ДЕНГЕЛЬБАЕВ, тамақтандыруды ұйымдастыру және нысандарға қызмет көрсету бөлімінің инженер-энергетигі;
III орын - Асхат ҚАЙРҒАЛИ, «ҚМГ-Құмкөл» ЖШС-нің қызметкері;



«Ембімұнайэнерго» және «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармалары:

Кір тасын көтеру:
Жеңімпаз - Нұржан МҰХАМБЕТОВ, «Ембімұнайэнерго» басқармасының еңбекті және қоршаған ортаны қорғау қызметінің инженері;

Ләңгі тебу:
Жеңімпаз - Аманқос ЖӘКЕСБАЕВ, «Ембімұнайэнерго» басқармасының электр жабдықтарының сым ораушысы;

Қой көтеру:
Жеңімпаз - Марат ОРАЗАЛИЕВ, «Ембімұнайэнерго» басқармасының электр монтері;

Арқан тартыс (ерлер):
Жеңімпаз - «Ембімұнайэнерго» басқармасының ұжымы;

Арқан тартыс (әйелдер):
Жеңімпаз - «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының ұжымы;

Эстафеталық ойындар:
Жеңімпаз - Батырбек ДЖУНУСОВ, «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының РТИ операторы;



Газетіміздің өткен санында Ембіге қарасты өндірістік-құрылымдық бөлімшелерде Ұлыстың ұлы күні - әз-Наурыз мерекесі кең көлемде атап өтілгені туралы репортаж жарияланған болатын. Аталған салтанатты шаралар барысында кәсіподақ комитеттерінің қолдауымен ембілік мұнайшылар мен мердігер мекемелер жұмысшылары арасында жарыстар, соның ішінде, ұлттық спорт түрлерінен додалар өтіп, жеңімпаздар анықталды. Қазақтың бойына біткен ұлттық спорттық ойындарда мыңнан озып шыққан жұлдегерлерді сіздердің назарларыңызға ұсынамыз.

ҰЛТТЫҚ СПОРТ ОЙЫНДАРЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ



«Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы:

Шағын футбол:
I орын - №4 Доссор мұнай өндіру цехы командасы;
II орын - Басқарма аппараты командасы;
III орын - Арнаулы техника және көлік керуені командасы;

Арқан тарту:
I орын - Басқарма аппараты ұжымы;
II орын - Жерасты күрделі жөндеу бригадасы ұжымы;
III орын - №4 Доссор мұнай өндіру цехы командасы ұжымы;

Қой көтеру:
I орын - Серікбай ӘБДЕШОВ, Ботахан кен орнының жөндеушісі;
II орын - Данияр ҚАЛАБАЕВ, №4 Доссор мұнай өндіру цехының 4 дәрежелі жөндеушісі;

III орын - Руслан ЖАНТОХОВ, арнаулы техника және көлік керуенінің көлік жөніндегі механигі;
Арнайы жүлде - Серік БИСКЕНОВ, арнаулы техника және көлік керуенінің жүргізушісі;

Бес асық:
I орын - Светлана ОРЫНТАЕВА, Шығыс Мақат жылу жүйесінің операторы;
II орын - Бақтыгүл НУРКАСИМОВА, Доссор жылу жүйесінің операторы;
III орын - Аягүл ТҮКІЕВА, Қарсақ мұнай өндіру цехының жұмысшысы;

Вoleyбол:
I орын - №3 Шығыс Мақат мұнай-газ өндіру цехы командасы;
II орын - Арнаулы техникалық көлік керуені командасы;
III орын - №4 Доссор мұнай өндіру цехы командасы;



«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы:

Кір тасын көтеру:
Жеңімпаз - Мирамбек ДАРБАЕВ, Терең-Өзек мұнай-газ өндіру цехының мұнай және газ өндіру операторы;

Армрестлинг:
Жеңімпаз - Артур ХУСАИНОВ, Құлсарыдағы мұнай дайындау және айдау цехының Қисымбай бөлімшесінің тауар операторы;



Арқан тарту:
Жеңімпаз - Терең-Өзек мұнай-газ өндіру цехының ұжымы;

Барлық жұлдегерлер компания және кәсіподақ комитеттері атынан ақшалай сыйлық пен дипломдарға ие болды. Жеңімпаздарды жұлделерімен құттықтаймыз!



«Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы:

Кір тасын көтеру:
I орын - Мұрат УТЕШПАЕВ, арнаулы техникалар және автокөлік керуенінің жүргізушісі;
II орын - Самат БЕГЕНОВ, «КСТС» ЖШС жүргізушісі;
III орын - Асылан ДЖАЛМАҒАНБЕТОВ, ұңғымаларды жерасты жөндеу цехының шебері;

Ләңгі тебу:
I орын - Дәулет ИШМАНОВ, «Семсер өрт сөндіруші» ЖШС-нің өрт сөндірушісі;
II орын - Еркебұлан ЕҢСЕПБАЕВ, «АМИР-Холдинг Казахстан» ЖШС-нің жұмысшысы;
III орын - Айдынбек СИСЕНАЛИЕВ, әлеуметтік қамту бөлімінің маманы;

Арқан тарту:
I орын - ұңғымаларды жерасты жөндеу цехының ұжымы;
II орын - «КСТС» ЖШС ұжымы;
III орын - Береген Жоламанов мұнай және газ өндіру учаскесінің ұжымы;



«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы:

Арқан тартыс:
I орын - №5 мұнай-газ өндіру цехы, жылу-сумен қамту учаскесінің ұжымы;
II орын - №3 мұнай-газ өндіру цехы, ұңғымаларды жерасты жөндеу цехының ұжымы;
III орын - №2 мұнай-газ өндіру цехы, өндірістік құрал-жабдықтарды жөндеу учаскесінің ұжымы;

Ләңгі тебу:
I орын - Аралбай ТАНИЕВ, жылу-сумен қамту учаскесінің операторы;
II орын - Рахымжан ГАРИФЛЛАХҰЛЫ, мұнай дайындау және айдау цехының операторы;
III орын - Мирасхан БАТЫРБАЕВ, Забурын кен орны №4 мұнай-газ өндіру цехының ҚҚС шебері;

Кір тасын көтеру:
I орын - Мұхаметрахим УРАЛБЕКОВ, мұнай дайындау және айдау цехының операторы;
II орын - Тұңғышбек ҚАДІЛЖАН, №4 мұнай-газ өндіру цехының мұнай өндіру шебері;
III орын - Махамбет БЕКТЕМІСОВ, ұңғымаларды жерасты жөндеу цехының операторы;

Асық ату:
I орын - Қайрат ДОСМАГУЛОВ, №5 мұнай-газ өндіру цехының мұнай өндіру операторы;
II орын - Бақытжан САЙПЕДЕНОВ, арнаулы техникалық және автокөлік колоннасының дәнекерлеушісі;
III орын - Сағынжан МОЛДАШ, №2 мұнай-газ өндіру цехының мұнай өндіру шебері;

ҚҰМАР ОЙЫНДАР ҚОҒАМ ДЕРТІ МЕ?

Адамдардың құмар ойынға деген қызығушылығы туралы бұрыннан да еститінбіз. Алайда, пандемияның салдарынан бәрі карантинге жабылып, адамдар үйден шықпай қалғанда ойынға «ставка» салуға деген құмарлық одан да арта түсті. Оның үстіне, қазір бәрі қолжетімді. Ұялы телефон арқылы ән тыңдасаңыз да, кино көрсеңіз де букмекерлік кеңселердің жарнамалары жылтындап шыға келеді. Сондықтан, қазір букмекерлік кеңселер «әр үйде де бар» деуге болады. Сондай-ақ, букмекерлік кеңселерге кез келген жастағы балалар мен жасөспірімдердің баруына еш шектеу жоқ. Мұның қауіптілігі де жас талғамайтынында.

Қолда бар мәліметтерге сәйкес, қазақстандықтар пандемия басталған 2020 жылда букмекерлік кеңселерге **79 млрд теңге** салып жіберген.

«Қазақстандық отбасылар – 2020» ұлттық баяндамасында жарияланған сауалнамаға сәйкес, әрбір бесінші ерлі-зайыптының бірі құмар ойынға деген тәуелділігінің кесірінен ажырасып жатыр. Ал, GamCare Services мәліметінше, өзіне-өзі қол салып, суицидке баратындардың **13 пайызы** құмар ойындардан ұтылғандар екен. Бұлардың ішінде, Атырауда да құмар ойындардың жетегіне еріп кетіп жатқан адамдар да бар.

Құмар ойындардың тигізер зардабы

Психолог мамандардың айтуынша, ойынға құмартып кеткен жанның есіл-дерті жеңіс емес, ойын барысында алған әсерін қайта сезінгісі келеді. «Олар «осы жолы – жеңуім керек» деген сөзді желеу еткенімен, түпкі мақсаты жеңіске жету не болмаса ұтылған дүниесін шығарып алу емес. Ойын барысында уайым, қорқыныш, қуаныш секілді алай-дүлей сезімге бойын алдырады, сол арқылы ерекше бір сезімге кенеледі. Сондықтан, ол жеңілсе де, ойынын тоқтатпайды» деп түсіндіреді психологтар.

Құмар ойындардың қоғамға тигізер зияны орасан зор. Ең алдымен, тәуелділік адамды еркіндігінен айырады, бұл денсаулық үшін өте зиянды. Өйткені, белгілі бір әдетке тәуелді адам ерте ме, кеш пе өз өмірін бақылай алмай, оның ауруының басты себебі болып табылатын нәрсеге байланысты жүруді жалғастырады. Салдарынан кейбірі үйінен, көлігінен, тіпті отбасынан айырылып жатады. Оның зардабын өздері ғана емес, туыстары да шегіп жатыр.

Ең басты қате пікір – ойынқұмардың өзін тәуелді емеспін деп есептеуінде, ол өзін кез келген уақытта тоқтай аламын деп ойлайды. Алайда, уақыт өте келе бұл жағдай ол үшін қалыпты құбылыс болып қалыптасуы әбден мүмкін.

Сондай-ақ, қандай да бір тәуелділік агрессияға әкеледі деген факт бұрыннан дәлелденген. Және бұл процесті, өкінішке орай, емсіз тоқтату емес.

«Соңғы ойын» эпизоды

Tengrinews.kz интернет порталына берген сұхбатында Komekcenter оңалту бағдарламасы директоры, клиникалық психолог Нұрлыбек Тұрсынбековтің сөзінше, тәуелді адам өзіне «енді ешқашан ойнамаймын» деп сөз бергенде «соңғы ойын» эпизодымен эмоционалды байланыс болады.



(Фото из открытых источников)

Соңғы жылдары елімізде белең алып бара жатқан қауіпті дерттің бірі – құмар ойындар. Бүгінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы құмар ойынға тәуелділікті психикалық ауытқушылық деп тауып отыр. Сондықтан, 2022 жылдан бастап құмар ойынға деген құштарлық Халықаралық аурулар классификациясына енді. Психолог мамандар бұны лудоманияның бір белгісі дейді.

- Мысалы 10 рет ұтылғанның өзіне «мен ұтылмаймын» деп сөз береді. Бірақ, бір рет ұтқан кезінде эмоциясына байланысты болғандықтан, соған сеніп тұрады. Ары қарай ол ой қалай пайда болады? Өзін «ақшаның жартысына ғана» ойнайтынына сендіреді. Мысалы, 1 миллион ақшасы болса, соның 100 мыңына ғана ойнайтынын айтып сендіреді. Бірақ, ол ойы тез арада кетіп, бар ақшасын ұтылып қалады. Сонымен қатар, тәуелді адамдар ойын кезінде ақшаны дисплейдегі сандар ретінде ғана қабылдайды. Осының бәрі лудомания, букмекерлікке тәуелді болуға деген ой туғызады, - дейді психолог.

Ойын түрлеріне жіктеу:

Бірінші топқа келесі ойындар жатады: компьютерлік ойындар; казино ойындар; онлайн ойындар.

Екінші топқа қатысу нәтижесінде материалдық сыйақы алуға болатын ойындар жатады. Бұл топқа лотереялар, телевизиялық викториналар, тотализаторлар жатады. Айта кету керек, мұндай тәуелділікке көбінесе ақшаға мұқтаж адамдар, сондай-ақ, әлсіз мінезді адамдар тап болады.

Үшінші топқа валюталық және қор нарықтарында алыпсатарлықпен айналысатын адамдар жатады.

Қалай көмектесуге болады?

Жақын адамыңыз ойынға тәуелді болса не істеу керек?


Мамандар, біріншіден, ол адамның қаржылық проблемаларын шешуге тырыспауға шақырды. Көбіне отбасы мен ағайындары оның ақшалай проблемасын шешіп бергеннен кейін бәрі жақсы болып кетеді деп ойлайды. Тіпті, қарызға батқан оқушылардың берешегін ата-аналары төлеп, әбігерге түсуде.

Бұл жағдайда проблема тек уақытша шешіледі. Ал, тәуелді адам өзінің қарызын біреу төлеп беретінін түсінеді. Бұл ол адамды босаңсытып жібереді. Салдарынан ойыншыда қайтадан қарыз алуға деген ой пайда болады. Екіншіден, тәуелді адамды өзіңізбен тең ұстау керек. «Тәуелді адамға аянышпен қараудың қажеті жоқ, өзіңізбен бірдей ұстаңыз», - дейді мамандар.

Себебі, ойынқұмар адам өзінің назарда екенін, бәрі оған көмектесуге дайын екенін түсінеді. Ал, құмар ойыншы дәл сіз секілді адам екенін ұмытпаған дұрыс.

Сонымен қатар, құмар адамға эмоцияңыз бен сезіміңіз туралы айту керек. Көбіне ата-ана уайымдап жүргенін көрсеткісі келмейді. Эмоцияңызды басуға тырыспаңыз. Маңызды нәрсе - тәуелді адам жағдайдың күрделі екенін түсінуі керек. Ойынға тәуелді адам тек жағымды эмоцияларды көріп жатады. Керісінше, ол жүйкесін жұқартып мәселенің шешімін іздеуі керек. Бірақ, барлық қарызын төлеп беріп, үндемей отыра берсеңіз, ештеңе өзгермейтінін түсіну керек.

Тобықтай сөздің түйіні... Ойынға құмарлықты ауру, дерт ретінде қарастыру керек. Мысалы, тісіңіз ауырса жақыныңыз, емдеп бермейді ғой. Арнайы тіс дәрігері маманына барасыз. Сол сияқты, ойын тәуелділігі проблемасын емдейтін психологтарға жүгінген дұрыс. Нақты амал керек. Маманға жолығу қажет.



Еңбекке – құрмет

ӨЗ ІСІНІҢ БІЛГІР МАМАНЫ



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның бас кеңсесінде салық есебін дайындау қызметінің жетекшісі Шынжырбекова Шамия Қармысқызын құрметті еңбек демалысына шығарып салу салтанатты шарасы өтті.

Шараны құттықтау сөзімен бастаған Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты ТАСМАҒАМБЕТОВА мерейжас иесінің Ембі өндірісін дамытуға қосқан үлесіне ерекше тоқталды.

- Қарапайым жұмысшылықтан еңбек жолын бастап кейіннен лауазымды қызметтерге көтеріліп, бір салада табан аудармай 40 жылдан астам уақыт еңбек ету - маманның кәсіби деңгейін, мамандығына деген зор сүйіспеншілігін байқатса керек-ті. Шамия Қармысқызы өзінің бар саналы ғұмырын Ембі өндірісіндегі қаржы секторының талапқа сай заңдылық шеңберінде жүруіне арнады. Үнемі ізденіс үстінде жүретін ол зааманның ағымына сәйкес келетін тың өзгерістерді, жаңалықтарды дереу меңгеруге тырысатын жаңашыл мінезімен әрдайым жастарға үлгі бола білді, - деген Рысты Нұрғалиқызының сөзін өзге әріптестер де жалғастырып кетті.

Шамия Қармысқызы 40 жылдан астам еңбек өтілінде әр саладағы қызметтерді абыроймен атқара білді.

Жұмысшы, жөндеуші, техникалық қызметтің инженері, ЭВМ операторы, қаржы саласының маманы, есепші, бас бухгалтердің орынбасары, бас бухгалтер жұмыстарын адал атқарды. Мұның барлығы - Шамия Қармысқызының жүріп өткен жолы.

Компанияға қарасты барлық басқармалардан келген қаржы саласының мамандары, бас кеңседегі қаржы блогының жауапты мамандары Шамия Қармысқызына деген жүрекжарды тілектерін арнады.

Салауаттылық

«Ембімұнайгаз» командасы футболдан Атырау облысының 35 жастан асқан әуесқой ойыншылары арасындағы турнирдің жеңімпазы атанды.



МҰНАЙШЫЛАР – ФУТЗАЛДАН ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИРДІҢ ЖЕҢІМПАЗЫ

Айналым әдісі бойынша өткен турнирде 8 команда өзара бақ сынасты. Мұнайшылар 7 кездесудің 6-уында жеңіске жетті. Соның ішінде, «Мақат» командасын 10:0 есебімен тізе бүктірді. Осы орайда, қарсылас қақпасын бағындырып, алаңда әдемі ойын өрнегін көрсеткен ойыншылармен қоса, қақпамызды шебер қорғай білген қақпашымыз, «Ембімұнайэнерго» басқармасының «Жайық» аудандық электр торабының 4-ші разрядты электр монтері Миллат Идрисовты да ерекше атап өтуге болады.

- Компаниямызда жұмысшылардың спортқа баулу, салауатты өмір салтын насихаттауға үлкен қолдау көрсетіледі. Екі айға жуық уақытқа созылған турнирге қатысу үшін команданы жасақтап, жұмыстан тыс уақытымызда дайындалуымызға қолдау білдірген «Ембімұнайгаз» АҚ кәсіподақ комитетінің төрағасы Болат Нсанбаев пен әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры Қуандық Калидуллинге алғысымызды білдіреміз, - дейді команда мүшесі Бауыржан ҚУНАШЕВ.

Айта кетейік, бұл аймақтық дода Қазақстан Республикасының 2-ші чемпионатына іріктеу турнирі болып табылады. Яғни, әріптестеріміз республикалық теңбілдоп жарысында облыс намысын қорғайтын болады. Еліміздің мұнай-газ саласын дамыту мен салауаттылық үлгісін насихаттап жүрген әріптестерімізге жарыс жолында сәттіліктер тілейміз!



INTERTEACH
КАЗАХСТАН • ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ • ГЕРМАНИЯ

Құрметті “Интертич” клиникасының ұжымы!

Сіздерді 6-сәуірде атап өтілген клиниканың құрылғанына 33 жыл толу мерейтойларыңызбен құттықтаймыз! Бүгінде “Интертич” клиникасы еліміздің әр өңірінде және шетелдерде өз филиалын ашқан. Сол арқылы халықтың денсаулығын сақтауға орасан зор үлес қосып келеді.

“Ембімұнайгаз” АҚ мен “Интертич” клиникасының арасында бірнеше жылдан бері әріптестік байланыс мықты орнаған. Кәсіби білікті дәрігерлердің жұмысын, қызмет көрсету сапасының жоғары көрсеткішін, жеделдігін ембілік мұнайшылар жоғары бағалайды.

Клиника ұжымына толағай табыстар, алға қойған жоспарларына сәттілік тілейміз.

**Құрметпен,
“Ембімұнайгаз” АҚ ұжымы**



Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

**Шығарушы: Ұйымдастыру бөлімі
Бас редактор: А. Ертлеуова**

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgep.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgep.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-64; 21-166

I.Satylganova@emg.kmgep.kz

Баспахана:

«Жаркын Ко» ЖШС

Мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Абая даңғ., 57/1.

Тел: +7(7172) 21-50-86.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Қ.Қалидуллин - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

Ж.Мұқанғалиев - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

Ғ.Қаражанова - ұйымдастыру бөлімінің жетекші маманы;

Ж.Дәуітов - «Жас мамандар» кеңсесінің төрағасы.